

Құттықтайы!



*М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің ұжымына*

Құрметті әріптестер!

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы атынан сіздерді М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын және осы шараға орай ұйымдастырылып отырған «Қозыбаев оқулары – 2017» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жұмысына сәтті бастамалар тілеймін!

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – республикамыздың білім беру жүйесінде өз орнын нық тапқан, жас буын мамандарды даярлауда өзінің бірегей үлесі бар, қазақ елінің білімі мен ғылымының беткеұстар қара шаңырағы. Білім ордасынан нәр алып шыққан жоғары білікті маман иелері мемлекетіміздің әртүрлі саласына бір-бір кірпіш болып қаланып, еліміздің өсіп-өркенденуіне, экономикасының алға басуына, тұрақтылық пен ынтымақтастықтың нығаяуына, білім беру саласының халықаралық стандарттарға сай дамуына өз үлестерін қосып, ел мүддесі үшін табысты еңбек етуде. Оқу орнының түлектері тек еліміздің түкпір-түкпірінде ғана емес, алыс және жақын шетелдерде салиқалы еңбек етіп, университеттің тұғырын онан ары қарай биіктетуде. Университет қызметінің жаңашыл стилі оның халықаралық беделін арттырып, абыройын асқақтатуда.

Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына, күннен-күнге көркейіп-гүлденуіне алдағы уақытта да лайықты үлес қоса берулеріңізге тілектеспіз. Баршаңызға ырыс пен бақ, табыс пен береке тілей отырып, университеттің шаңырағы биік, шарапаты мол, абыройы зор болсын демекпіз. Конференцияның ісіне сәттілік, ал оның барша қатысушыларына, университеттің ғалымдары мен оқытушыларына, қызметкерлері мен студенттер қауымына жемісті және үйлесімді жұмыс тілейміз!

*Ізгі ниетпен
ректор*



Әлібек ҚУАНДЫҚОВ